


ЖҮСІПБЕК
АЙМАУЫТОВ
АҚБІЛЕК
РОМАНЫ



Оқу-ақыл тілегі.
Сүю-сезім тілегі.

БІРІНШІ БӨЛІМ

Әңгіме Алтайдың сұлу табиғатымен басталып, **Мамырбайдың** жайбы рахат өмірі баяндалады .Осы сәтте төрт салт атты елді шауып кетеді.Бір тайпа ауыл-үш мылтықтың албастысы басып, тұншықты . **Ақбілегін** бәйбіше апанға тығып қояды.Ала атты адам жасырған орнын тауп береді ,бәйбіше оққа ұшып,қызды алып қашады .Ол кезде артынан қуған қуғыншының біреуі оққа ұшады .

Манағы салт атты кім? Қызды алып қашқан орыстар кім? Бұларды қуам деп оққа ұшқан кім?Олардың кім екенін біз айтайық па? Өздерін сөйлетейік пе?

Қане,осыны дауысқа саламын.Біз айтайық дегенің қолдарыңды көтер...Біреу,екеу,...жоқ, өздерін сөйлесін дегендерің қол көтер... Төртеу,бесеу...Өзіммен көпшілік.Сонымен сөз өздеріне берілетін болды .Әуелі сөз оққа ұшқан жігіттікі.

Бекболат

Қара торы ,орта бойлы ,қошқар тұмсық, түлкі мұрт, шүңірек көз жігітпін.Жасым жиырманьң жетеуінде. Бұрын бір байдың , осы күнде орта шақты үйдің ортаншы баласымын.Ағам отау тігіп, енші алып кетті.Інім Семейде оқуда.Шешеміз аурудан қайтыс болған соң ,әкеміз тоқал алды .Өлеңді , домбыраны үйрендім, мылтық атуды , ит жүгіртіп , құс салуды үйрендім . Әкем айттырған **Жаманбаланың** шотпақ қара қызын менсінбей, Мамырбайдың Ақбілегін елден таңдап айттырып едім.Бой жеткен қалындығым тұрғанда қарап жатайын ба, жасырын барам деп кісі жібертіп алып, ”өзі біледі” деген соң, бүгін жолыққалы келе жатыр едім.Ақбілектің “апатайлаған” дауысын естіген соң не болсада қолында өлейін деп қуып бердім.

Офицер

Тағдыр айдамаса ,осынау Қытай шегіндегі Алтай тауына, қазақ арасына біз келер ме едік?Мен Тамбов губерниясындағы бай алпауыттың кіші баласымын. Ағайынды төртеуміздің ішінде ажерсызы болсам да , ерлігіммен герман соғысында қол бастап , бір рет шен алдым .Ресейде төңкеріліс болып , патшаны түсірген соң , үкіметті қара жұмысшы мен қара солдатты жоқтаған большевиктер алып кеткен соң, біздер орыстың шын ұлдары құл-құтанға бағынбаймыз деп, соғысып ,жеңіліп қашып келіп отырмыз.Тауда жатып біз қарап өлейік пе? Қара таласқан соң маңайдағы қазаққа шабуылдап,азыққа мал, баспана киіз, төсеніш , ыдыс-сайман алып тіршілік қып жатырмыз.

Мұқаш

Жасым 35-те әкем Тойбазар ,өзім Мұқаш болғалы ауызым асқа,ауым атқа жарыған емес .Ес білгелі есікте жүрдім,Төлеубай дегеннің қозысын бақтым.Он беске келгенше Шамамбайдың қойын бақтым.Бадығұлдың жылқысын бағып жүріп қалың беріп , қатын алдым . Приходқа жұмысқа жалдандым .Орыспен араласып, орыс тілін үйренген соң кеудеме нан піскендей ,өзіме өзім әлдеқендай көріндім .Сайлау кезінде болыс болайын деп тұрған кезінде ,менің үстімнен жазылған қағаздарды жинап,Мамырбайдың баласы кеңеске тапсырыпты . Мені бұзақы адам деп, болыстыққа сайламады .Елге келген соң ауыл тонап жүрген ақтардың адамына жолығып , оларға кісі болдым. Олар маған жақсы қыз тауып бер деді . Ойыма Мамырбайдың Ақбілегі сап ете түсті . Ағасынан кек алғаным .

Ақбілек жирен шаш пен қара мұрттың дуэлі. Қара мұрт соғысқа кетіп, Ақбілек айдалада жалғыз өзі қалады түнімен қасқырлармен арпалысып, таң ата жолға шығады қанша жүргені қайда жүргенін өзі де білмейді. Далада шаршап келе жатып, **Іскендір дуанаға** жолығып қалады. Дуана оны ауылына апарады.

Екінші бөлім

Бекболаттың ауруханада Ақбілектің не болғанын білуге көңілі кетті .**Жылтыр** мен танысып хабар жайын біліп отырды .

Үшінші бөлім

Қайғы

Ақбілектің үйіне келгелі 15 күн болды. Ақбілектің 12 жасар **Қажікен** деген бауыры , 7 жасар **Сара** деген сіңілісі бар-ды . Ақбілек пен әкесі сөйлесуден қалды. Ақбілектің сырласы **Ұрқия Әмірдің** қатыны . Әмір Мамырбайдың немере інісі . Ақбілек бастан кешкендерін жеңгесіне баяндайды . Оның **Төлеген** деген ағасы 12 жасында қалаға оқуға беріп , 6-7 жыл оқып міне адам болып отыр. Мамырбай **Әлдекей** екеуі сөйлескен соң Ақбілекке жылы қабақ танытты . Ақбілек уайымы сейілгендей болып , күйеуін ойлайтын болыды. Бір күні **Бекболаттан** хат келді . Ақсақал үйде жоқ кезінде қонақ асыға шақырады . Екеуі бірге болады . Ұрқия Ақбілектен жүктілік белгілерін байқайды . Баланы түсірудің амалын жасады . Осы кезде Ұрқияда жүкті болды . Мамырбай тоқал алды есімі –**Өрік**.

Ақбілек **Көркембай** кемпірдің үйінде дүниеге ұл бала келді .Ол “баланың көзін жоғалт шеше “- деп өтініш жасайды.Бір жұмадан соң Ұрқия көңіл сұрай келеді сонда Бекболаттың хатын береді. Онда “Қайтсем де сені аламын” деп жазыпты. Ақбілектің екі қабаттығын естіген екен .Енді Ақбілек жыламай қайтсін ?”Екі қабат болғам жоқ, бала тапқам жоқ” деп не бетімен айтсын? өзін бұл дүниеде керексіз ,артық адамдай көзінің жасы көл болып аға берді ,аға берді...

Төртінші бөлім

Махаббат

Арадан 15 жыл өтті. Үлкен қара ағаштың түбінде Ертістің шымырлап аққан сына көз салып, бір келіншек жападан-жалғаз отыр. Бұл **Кәмила** екен. Орысша киінген әйел Сен мұнда қайдан келдің? – деді. Кәмила бастан кешкен қорлығын айтады. Жанағы орысша киінген әйел Ақбілек еді ол өз жайын айта бастады. Босанған соң әкесінің көзіне көрінбей **Ұрқияның** үйінде болдым. Жазда ағам келіп, қалаға алып келді. Ағамның қаладан **Марғипа** деген ақылды, білімді қызды алды. Мені адам қылған сол... Ағатайым сол жылы Семейге қызметке барды мені де ала барды. Тұрмысымыз жақсы болды. Сол кезде курс ашылды сонда мені оқуға берді.

Орынборда тағы 3 жыл оқыдым. Оқушыларға ойын қойып мен де ойынға арластым. Бетімнің бояун сүртіп, шығып келе жатсам “Ақбілек сен жақсы ойнадың!” деп өзіміздің қазақ учитель жолыға кетті. Көтеріліп қалдым.” Жүр шәй ішейік “-деп үстелге алып келді. Таныстырып жатты мынау **Ақбала** жолдас , мынау **Балташ** . Ақбаланың баяндамасы болады дегенді естіп , барады. Кетіп бара жатып , Ақбаламен жолығып қалады оны театрға шақырады . Бір күні Балташтан Марс бақшасында кездесуіңізді сұраймын деген хат келеді. Ақбілек уағдаласқан орынға барады , бірақ Балташ кешігіп барады . Осы кезде оны ұнатындығын айтады. Ертеңіне Ақбаладан хат келіп ол оны ұнатындығын жазады . Жауп жазып мен де сізді ұнатушы едім деп жазады . Бір жұмадан кейін Балташ тағы кездесуге шақырады . Оған Ақбаланың күнделігін ұсынады .

Ақбала Балташқа барлық жайды айтады.Балташ:


-Сенің өткен күндерің маған керек емес, адамшылығың керек.Өткенге сен жазалы емессің.Сен тисең ,мен сені аламын,-деді.Ертеңіне ЗАГС- жазылуға барсақ, қара мүрт сонда отыр екен. Шыққан соң қарасам, қара мүрт аңқиып артымнан қарап тұр екен.

-Адам көре береді екен-ау!-деп Кәмила тамсанды.

Ақбілек күйеуі екеуі еліне демалысқа елге келеді.Еліне келгенде Ұрқия бетінен сүйіп қарсы алды Балташты ақсақалға таныстырыды. Ақсақалдың көңілі тасып, отырды .Өріктің Ақбілекке қарауға беті шыдамайды .Кешке ақсақал ірі жылқы сойып той жасады .Ұрқия мен жеңгесі Ақбілек көлге барады . Сара бар Күлікен , Ескендір бар ауылдың өңшең ұсақ балалары суға шомылып жиекте жүгіріп жүр еді Күлікенді бір бала жүгіріп келіп қағып кетіп ,Күлікен жылап қалды. Ескендір оны көре сала жүгіріп өзінің кішкентай жұдырығымен түмпіштей жөнелді .Ескендірдің мынағылығына Ақбілек сүйсініп:"Ой. бауыр болғаныңнан айналайын!"- деп бетінен сүйді.Жеңіше Ескендір мен сияқты емес пе?

-Сентен туған шығар.

Рас айтасың ба, Ұрқия шынын айтты .



*Марқакөлдің жиегінде Мамырбайдың
Ақбілегі ,жас Балташтың сүйген
жары Ескендірін құшып ,сүйіп, бала
болып , ана болып ,көп әйелден дана
болып,кеудесіне бағы сыймай,
кемерінен аса шыпылдайды.*

САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ

1.АВТОРЫ:ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ

2.ЖАНЫР ТҮРІ:РОМАН

3.ТАҚЫРЫБЫ :АҚБІЛЕК

4.ИДЕЯСЫ :ҚАЗАН ТӨҢКЕРІЛІС
КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚ ЖЕРІ КӨРІНІСІ.
ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІНІҢ БАТЫРЛЫҒЫ ,
ТӨЗІМДІЛІГІ.

5. Сюжеті мен композициясы

1. Басталуы.

- А) Алтайдың сұлу табиғаты бейнеленеді.
- Б) Төрт салт атты елді шауып , Ақбілекті алып қашуы, қуғыншы жігіттің оққа ұшуы.
- С) Кейіпкерлер әңгімесі

2. Дамуы:

- А) Ақбілекті қара мұрт ұнатуы .
- Б) Ақбілекттің қасқыр мен айқасы , диуанаға кездесіп , елге жеткізуі.
- С) Әмірдің Ақбілекті елге алып келуі.

3. Шиеленісуі:

- А) Ақбілектің жүкті болуы .
- Б) Төлегеннің Ақбілекті қалаға алып келеді
- С) Кәмиламен әңгімесі.


4. Шарықтау шегі .

- А) Ақбаламен , Балташ Ақбілетті ұнатуы .
- Б) Балташтың Ақбаланың күнделігін беруі.
- С) Балташтың Ақбілекке айтқаны.

5. Шешімі:

- А) Ақбілек пен күйеуі елге келеді .
- Б) Мамырбайдың ризалығы .
- С) Ұрқияның шындықты Ақбілекке айтуы.

Кейіпкерлері



Басты кейіпкерлер:

Ақбілек
Бекболат
Мамырбай
Балташ
Ұрқия

Жанама кейіпкерлер:

Жирен шаш, Қара мұрт,
Ақбала, Кәмила,
Мамырбайдың бәйбішесі,
Ескендір, Сара, Күлікен,
Төлеген, Марғипа, Көркембай
кемпір, Қажікен, Әлдекей, Әмір,
Жылтыр, жатып, Ескендір
дуана, Мұқаш.

